

## Сайрам аудандық коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің дивидендтерінің көлемін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 75 қаулысы. Түркістан облысының Эділет департаментінде 2021 жылғы 9 наурызда № 6086 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 5 маусымдағы № 393 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 05.06.2025 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 186-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен үйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы" қаулысына сәйкес Сайрам ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза кірісінің кемінде 70 (жетпіс) проценті дивидендтер төлеуге жіберілсін.

2. Аудандық коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің жарғылық капиталдағы қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығы берілген мемлекеттік органдар дивидендтердің белгіленген көлемінің бюджетке толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз етсін.

3. Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 76 "Сайрам аудандық коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің дивидендтерінің көлемін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3578 тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда "Мәртебе" газетінде және 2016 жылғы 24 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде электронды түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының оның ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Өсербаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ұ. Сәдібеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК